




жазады. Квадратты жақша ішінде басқа да жақша түрлері болуы мүмкін, мысалы:  $[\text{Ni}\{\text{P}(\text{OC}_6\text{H}_4\text{CH}_3)_3\}_3]$ -трис(три-о-толил)фосфит-никель.

Комплексті қосылыстардың түзілуі және олардың қасиеттері негізінен орталық атомның табиғатына, лигандтардың табиғатына және сыртқы жағдайларға (температураға, еріткіштерге және т.б.) байланысты болады. Мысалы, қыздыру әсері екі жақты болуы мүмкін: кейде ол комплекстің термиялық диссоциациясын болдырады:



ал көбінесе оның терең қайта құрылуын болдырады:



Орталық атомның табиғаты комплексті қосылыстың көптеген қасиеттерін: түсін, тұрақтылығын, магниттілігін және т.б. анықтайды. Орталық атомның ең маңызды сипаттамаларына: электрондық конфигурациясы, өлшемі, тотығу дәрежесі, иондық потенциалы жатады.

Комплекс түзушінің электрондық конфигурациясы оның химиялық даралығын анықтайды. Электрондық конфигурацияға байланысты металдар бірнеше топқа бөлінеді. Бір топқа өз комплекстерінде инертті газ  $ns^2np^6$  конфигурациясы бар металдарды біріктіруге болады: сілтілік және сілтілік-жер металдары,  $\text{Be}^{2+}$ ,  $\text{Mg}^{2+}$ ,  $\text{Al}^{3+}$ , +3 тотығу дәрежесіндегі лантаноидтар мен актиноидтар,  $\text{Ti}^{4+}$ ,  $\text{Zr}^{4+}$ ,  $\text{V}^{5+}$ ,  $\text{Cr}^{5+}$ ,  $\text{Mn}^{7+}$ ,  $\text{Os}^{8+}$ . Оларға құрамында оттекті және фторлы лигандтары бар едәуір берік комплекстердің түзілуі тән. Өз комплекстерінде жалған инертті газ конфигурациясы бар, мұндағы  $n=4,5$  немесе 6, басқа металдар, мысалы  $\text{Ag}^+$ ,  $\text{Cu}^+$ ,  $\text{Au}^+$ ,  $\text{Zn}^{2+}$ ,  $\text{Cd}^{2+}$ , азотты лигандтармен координациялануға ерекше бейімділік көрсетеді.